

ЕЛБАСЫНЫҢ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА САПАРЫ

Кеше Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапары аясында облыстық Қан орталығына барып, мекеменің жұмысымен танысты. Сондай-ақ донация және қан құрамдауыштарының сапасын автоматтандырылған зертханалық бақылау әдісін енгізуге мүмкіндік беретін жаңа медициналық құралдармен жабдықталған орыжайларды аралап көрді.

Қазақстан Президенті орталық қызметкерлерімен әңгімелесіп, қаланың медициналық мекемелерінің қажетті емханалық және диагностикалық жабдықтармен қамтамасыз етіліп жатқанын атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев жұмының табысты болып, қызмет нәтижелерінің арта беруіне тілектестігін білдірді.

Мекеме қызметкерлері медицина саласына жүйелі қолдау көрсетіліп отырғаны үшін ризашылықтарын жеткізді.

Мемлекет басшысы «АЗИЯ АВТО Қазақстан» акционерлік қоғамында болды.

Нұрсұлтан Назарбаев толық циклды режим бойынша автомобиль шығаратын кәсіпорын мен автоқұрамдауыштар өндіретін технопарк қуатын біріктіретін автоөнеркәсіп кластерін құру жөніндегі инвестициялық жобаның жүзеге асырылу барысымен танысты.

Қазақстан Президентіне технологиялық цикл, өндірістік және инвестициялық көрсеткіштер, сондай-ақ жобаны жүзеге асыру кестесі жөнінде баяндалды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы кәсіпорын жұмысшыларымен әңгімелесіп, зауыттың табысты дамуына және бәсекеге қабілеттілігінің жоғары болуына тілектестік білдірді.

Заманауи автоөндірісті жолға қою бағытында «АЗИЯ АВТО Қазақстан» АҚ жүзеге асырып жатқан жоба жылына 120 мың автомобиль шығаруға лайықталған. Жоба арқылы Қазақстанның ішкі нарығындағы суранысты қамтамасыз етіп, өнімді таяу елдерге де экспорттау көзделіп отыр.

ЕҚДБ ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ӘУЕЖАЙ ҚҰРЫЛЫСЫН ҚАРЖЫЛАНДЫРАДЫ

27 маусым күні Еуропалық Қайта құру және даму банкі Қызылорданың әуежай құрылысына қаржы құятынын Астанада арнайы келісіммен мақұлдады. Халықаралық қаржы институты өкілдері қаржы операциясына жаһандағы саяси, экономикалық жағдай еш кедергі бола алмайтынын айтты.

Еуропалық қайта құру және даму банкімен Қызылорда осыдан екі жыл бұрын жақсы әріптестік қатынас орнатып үлгерді. Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев халықаралық қаржы институтының басшысы Сума Чакрабартимен бірнеше мәрте іскерлік диалог жүргізген болатын. Ал V «Байқоңыр» инвестициялық форумында, яғни 2015 жылдың сәуір айында банктің Қазақстандағы директоры Джанет Хокман өз позициясын білдірген-ді.

Ал күні кеше Астанада өткен кездесу қорытындысына сәйкес, Қызылорда әуежайына банк қаржы бөлетінін арнайы құжатпен бекітіп, мәлімдеді. Қаражат үш көзден қаралмақ.

– Несие 13 жылға беріледі. Алдыңғы үш жылғы демалыс. Жобаның 30 пайызын банк, 50 пайызын үкімет, 20 пайызын облыс көтеріп, бірге үлкен жеауапты жобаны іске асырамыз. Бұл бар жағиған тиімді. Біздің бюджетке салмағы ауыр болмайды. Банк пен үкімет негізгі қаржыны өз жауапкершілігіне алып отыр, – дейді облыс әкімі.

Айта кетейік, Еуропалық қайта құру және даму банкі аймақтың коммуналдық қызмет саласына қатысты 8 жобасын қаржыландыруды көздеп отыр. Жалпы құны 103 миллион АҚШ доллары болатын жылу, электр, су жүйесінің модернизациясы мен автобус паркінің құрылысы қамтылған 4 несие жобасына қол қойылды. Осы аталған 4 несие жобасы іске асса, қызылордалықтар нағыз өркеніетті өңірде өмір кешетін болады. Яғни, жылу далаға кетпей, ғимараттардың жылытады, пәтерлерге жылы су келетін болады, жарықтың сапасы артады, автобустар газға көшіріледі. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанның стратегиялық әріптесі – Еуропалық қайта құру және даму банкі Қызылорданың қордаланған коммуналдық проблемаларын шешуге мүдделі екенін білдіріп отыр.

Қ.ҚАЙРАҚБАЕВ.

ҚЫТАЙЛЫҚ ӘРІПТЕСТЕРМЕН МЕМОРАНДУМ

Қызылорда облысының әкімдігі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мақсатында қытайлық әріптестермен меморандумға қол қойды.



26 маусым күні Қызылордада «Қызылорда облысы мен ҚХР-ның Цзянси провинциясы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық» тақырыбында форум өтті. Оған Цзянси провинциясы Халық үкіметінің Вице-губернаторы Лю Чангпин, сондай-ақ, Цзянси провинциясының халықаралық сауда ұйымдарына жәрдемдесу Қытай кеңесінің төрайымы Лю Юлиан қатысты.

Бұдан басқа, Қызылорда облысында инвестициялық жобаларды іске асыру мақсатында өткізіліп отырған форумға Қытай Халық Республикасының 20-дан астам компанияларының басшылары мен өңірміздің 40-тан астам шағын және орта бизнес өкілдері қатысты.

Форум қорытындысы бойынша Қызылорда облысының әкімдігі мен Қытай Халық Республикасының Цзянси провинциясы 450,5 млн АҚШ долларын құрайтын бірнеше жобаны жүзеге асыру үшін 13 меморандумға қол қойды. Олар: жылдық қуаттылығы 750,0 мың тонна болатын Цемент зауытының құрылысы, қуаттылығы 24,94 МВт-тық және 75 МВт-ты құрайтын Жел-күн электр станциясы, Силикат кірпіш шығаратын зауыт, Қызылорда қаласының сол жақ жағалау бөлігінде жаңа ауданды жоспарлау, 50 мың бас қойды бордаққылауға арналған алаң мен қуаттылығы жылына 7000 тонна болатын ет комбинатын, жылыжайлар мен май өндірісі, көкөніс қоймаларын салу жобалары.

Сонымен қатар, Қызылорда облысының Кәсіпкерлер Палатасы және Цзянси провинциясының халықаралық сауда ұйымдарына жәрдемдесу Қытай кеңесінің арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Цзянси провинциясының делегациясы Қызылорда облысына сапары аясында «Агроөнеркәсіптік кешен», «Жан-Арай» ЖШС-ның жұмысымен танысып, Сыр өңірінің көрікті жерлерін аралады. Сондай-ақ, Қытай делегациясы жергілікті кәсіпкерлермен кездесіп, B2B форматында кездесу өткізді.

Н.САУЯЕВ.

Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

30 МАУСЫМ БЕЙСЕНБІ

2016 жыл №97 (19183)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



Қызылорда қаласындағы Халыққа қызмет көрсету орталығы тұсынан, өзен үстінен көпір салынып жатыр. 2014 жылы алғашқы қадасы қағылған құрылыстың қазіргі қарқыны қатты. Бұған жай көпір деп қарамау керек, ол – Сырдарияның сол жағалауында бой көтеретін, тоқсан мың халық қоныс тебетін жаңа қаламен байланыстыратын көпір. Сондықтан, бұл нысанның стратегиялық маңызы зор деуге негіз бар.



Ғ.Мұратбаев көшесі басынан салынып жатқан көпірге жұмсалатын қаржының жалпы көлемі – 5 миллиард 975 миллион теңге. Биыл республикалық бюджеттен 2,6 миллиард теңге, ал жергілікті бюджет есебінен 252,8 миллион теңге бөлінген.

Жаңа көпірдің ұзындығы – 386 метр, ал ені – 22 метр. Оның автокөлік жүретін бөлігі 3,5 метрден 4 жолақты жол болады және екі жағынан ені бір жарым метр болатын



АЗАМАТТАР ӨТІНІШІ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Кеше облыс әкімі, “Нұр Отан” партиясы облыстық филиалының төрағасы Қырымбек Көшербаев партияның облыстық филиалының кеңесінде өңірдің бірқатар тұрғындарын қабылдады.

Өңір басшысының қабылдауына бірінші болып барған Байқоңыр қаласының тұрғыны Назым Төлегенова өзін толғандырған сауалдарын қойды. Ол «жұлдызды» қаладағы жас отбасыларға мемлекеттік бағдарлама бойынша үй берілсе, «Даму-Көмеке» бағдарламасы аясында қалада көсіп ашуға қолдау көрсетілсе деген тілегін білдірді. Сондай-ақ, Ресейге қарасты мекемелерде жұмыс атқарып, қысқартуға ұшыраған жас мамандарды жұмысқа орналастыру мәселесін көтерді.

Ал «Байқоңыр қаласын жаңа бергенімізбен, азаматтарымызды жалға берген жоқпыз» деген аймақ басшысы байқоңырлықтардың әлеуметтік жағдайы әрдайым назарда болатынын жеткізді. Облыс әкімінің айтуынша, бүгінде Байқоңыр қаласы, Төретам, Ақай елді мекендерінің бас жоспары әзірленген. Сондай-ақ, шілде айында Сыр өңірінде «Байқоңыр» кешені жөніндегі үкіметаралық комиссия отырысы өтеді және сонда қаланың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті талқыланады. Бұл басқосу қордаланған көп мәселенің, соның ішінде Назым Төлегенова көтерген мәселелердің онтайлы шешілуіне сеп болмақ. Ресей тарапы бұған дейін қаланың

күнделікті тірлігіне қаржы бөліп келсе, енді Қазақстан тарапы да шаһардың дамуына, тұрғындар әл-ауқатының артуына бағытталған жұмыстар атқарылуда. Сонымен бірге, облыс әкімі жұмыссыз жүрген байқоңырлық жастардың екі қолға бір күрек табуына жағдай жасалатынын жеткізді.

Әкімнен көмек сұрап келгендердің қатарында Сырдария ауданы Ақжарма ауылының тұрғыны, бала кезінен бірінші топтағы мүгедек Күлсін Арзымбетова да бар. Арбаға танылған мүмкіндігі шектеулі жан 2005 жылы тұрғын үй кезегіне тіркелген. Алайда, 2010 жылы қаңтарда оған Ақжарма ауылынан баспана сыйға берілгендіктен тұрғын үй кезегінен шығарылған. Күлсін Қамарқызы болса, мұны заңсыз деп, шешіммен келіспейтінін айтып, бастапқы тіркелу мерзімін қалпына келтіруге ықпал жасауын сұрады. Ал облыс әкімі «Нұр Отан» партиясы филиалы төрағасының орынбасары Әділбек Ерсұлтановқа осы мәселені жан-жақты зерттеп, құжаттарды тексеріп, оны соңына дейін қалғалауды және шешуді тапсырды.

Бұдан кейін қабылдауда Қызылорда қаласының тұрғыны, «Нұр Отан» партиясының мүшесі Тұрар Сыздықов мұнай компанияларында «Нұр Отан» партиясының бастауыш ұйымдарын құруды ұсынды. «Мұнай компанияларында кәсіподақ ұйымдары болғанымен, олар жұмысшыдан гөрі жұмыс берушінің сойылын көбірек соғады. Егер бастауыш

партия ұйымдарын құратын болсақ, ондағы жұмысшылардың еңбек құқығы сақталып, әлеуметтік жағдайының жан-жақты ескерілуіне мүмкіндік жасар едік. Сонымен қатар, бұл қадам облыста саяси тұрақтылықты сақтауға, әлеуметтік шиеленістің алдын алуға ықпал етеді», – деді Тұрар Айтбайұлы.

Облыс әкімі бұл ұсыныстың көңілге қонымды екенін жеткізді.

– Мұнай-газ саласында 29 мың адам жұмыс істейді. 29 мың адамның әрқайсысының отбасында 5 адамнан бар деп есептесек, 145 мың адамның әлеуметтік әл-ауқаты тікелей осы саладағы жағдайға байланысты. Сондықтан ұсынысты қолдаймын. Мұнай-газ саласындағы шетелдік инвесторлардың қарауында жұмыс істейтін жергілікті тұрғындарға қысым болмауын, олардың еңбегінің лайықты бағалануын бақылау қажет. Бұл маңызды ұсынысты партияның Саяси кеңес бюросының мәжілісінде қараймыз, – деді аймақ басшысы.

Бұл қабылдауға қопбалалы ана, «Күміс алқа» иегері Алмагүл Жанназарова да келді. Өзі жұмыссыз екен. Студент екі баласы бар. Соның біреуі – Жанкелді Сақтағанов Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің екінші курс студенті, музыка мамандығын меңгеріп жатыр. Оның оқу ақысын төлеуге отбасының жағдайы жоқ. Осыған байланысты, Алмагүл Нұрқожакызы облыс әкімінің грантымен оқуын жалғастыруға көмектесуін сұрады. Ал өңір басшысы қопбалалы ананың өтініші ескерілтінін айтты. Тек студент баласының оқу үлгерімі жақсы болуы шарт.

Қабылдауға келген әрбір азаматтың өтініші, мұң-мұқтажы мұқият тыңдалып, оларға бұл мәселелердің оң шешімі табылатындығын жеткізді.

Д.СЕЙТЖАНҰЛЫ.

ЫНТАСЫ БАРДЫҢ ЫРЫСЫ АРТАР

Жуырда ғана Жаңақорған ауданының Бесарық ауылдық округінде өткен Жастар саясаты жөніндегі Қызылорда облыстық кеңесі көшпелі отырысынан сон аймақ басшысы осындағы өз кәсібін бастаған жастардың еңбегімен танысты. Көрмені тамашалады. Жас кәсіпкердің бірі, жаңақорғандық Өркен Құрбанов түрлі түстегі бетон қоршаулар, гипстен терезе жақтауларын, іргетас қаптамасын, тепкішек тұғырларын жасауды қолға алды. Кәсібін бастағанына жыл толмаса да, оның жасап шығарғанын өңіміне сұраныс бар. Еңбегінің жаңағанына жас жігіттің өзі, әріне, қуануды. Өкімінің сауалдарына іркілмей жауап беріп, алдағы уақытта осы шаруасын ұлғайта түскісі келетінін де жайып салды.

– Міне, – деді Қырымбек Елеуұлы сүйсініп. – Осы заманның батырлары! Кім не береді деп біреуге жалынышты қарамай, адал еңбегімен кәсібін бастап отыр. Қасына бауырларын алып, оларға да өз өнерін үйретуде, адал беінет арқылы нан табудың үлгісін көрсеткен азамат! Ал кейбіреулер болса... – облыс басшысы сәл қынжылыс білдіргендей болды. Саясатта ысылған тәжірибелі қайраткер емес пе, аз-кем іркіліс жасағанымен, түсін тез жинады. Мұнысын іштей түсіндік, жаңа ғана облыстың беткеуестар бірсыпыра қаймақтары,

жастар белсенділері жиналған алқалы жыында елдің болашағы, оған жастарымыздың үлесі туралы толымды әңгімелер айтылды. Не оқу оқымайтын, не жұмыста жоқ кейбір жастарымыз, аласқандар қатарын толтырып жүр. Немесе теріс іске бейім. Мұнысына тек оларды кінәлау біржақтылық болар еді, көзсіз көбелек жеткіншектеріміздің тәрбиесін қолдан сусытып, теледидар мен интернетке беріп қойған жоқтыз ба?! Буыны бекімеген жастардың шалыс



қадамына қоғамдық орта да кінәлі. Нарықтық қатынастың жөні осы екен деп, ақшаның соңынан жүгіріп жүргендегі тапқанымыз қайсы, нені арттырдық, нені жоғалттық... Шетелдің де тәжірибесін, ұлттық дәстүрімізді де терең білетін, алыстан толғап, шешен сөйлейтін әкім. – Міне, осы заманның батырлары! Өзгелер осылардан үлгі алсын, талантты жастарымызға қолдау көрсетіңіздер, демеп жүріңіздер! – деді ол аудан басшыларына қарата.

Иә, Өркеннің тірлігі расында нағыз өжеттің тірлігі. Біреудің үйін қалады, енді бірінің сылағын сылады, қарап отырған бір күні жоқ, тыным таппай еңбек етті. Аткарған жұмысы үшін бұйырған тыны-тебенін үйіне жұмсады. Кейбір қатарластары секілді теледидар көріп, шалқыып жатпады, немесе телефон шұқылап, ондағы сайкымзаққа ыржақтамады.

Бірқалыпты жүрді, ойында жаңа бір кәсіп бастап, игілігін көрсем, өзгелерге пайдам жоқ деген тисе деген мақсат болды. Онда да қиялшануы емес, тек нақты орындауға болатын, өз қолынан келер тірлікті қолай көрді.

Мемлекет басшысы отандық өнімге басымдық беру керек деген тапсырмасынан соң, үкімет пен атқарушы орындар да кәсіп ашқандарға қолдау көрсетуде. Осындай-

ларды еске алған ол гипстен түрлі құрлысқа қажетті материалдарды шығаруды бастап көргісі келді. Өуелі өрнекті терезе жақтауын жасап көрді. Әдемі безендірілген бұл затты тұрғындар көңілінен шыққандай болды, «маған да осыны жасап бере ғой» дегендер көбейді. Осылай бұл өнерінің арнасы кеңді, тапсырыстар молайды. Түрлі қалыптағы жабдықтар сатып алды. Осы арқылы өрісі кеңейіп түскені де рас.

Ерінбей еңбек етіп, ізденісті жұмыс жүргізген Өркен Құрбанов өткен жылы аудандық «Жұмыспен қамту орталығы» арқылы «Даму» қолдау қорынан 2 млн теңге жеңілдетілген несие алды. Ол қаржыға жаңа жабдықтар алып, шағын шехын мамандандыра түсті. Өнімінің сапасымен сәулетін арттыратын түрлі қоспа ұнтақтарын да тапты. Мұның бөрі оның өрісін кеңейте түскені бар. Қазір ол өзінің екі інісін жұмыспен қамтып отыр.

Жас кәсіпкер құрылыс материалдарынан бөлек, үй ауласына гүл отырғызатын құты, орындық, тас төсемнісін сан түрлісін тұтынушы қалауына сай жасауды қалыптастырды.

Иә, ынтасы бардың ырысы артар. Елбасы бағдарламаларында айтылғандай, бәсекеге қабілеттілік осындай нақты шаруа барысында шыңдалады. Жас кәсіпкер жігіттің өрнекті кәсібі өрелі боларына сенім мол.

Нұрмахан Е.ЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

● МҮГЕДЕКТЕРДІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ

Қазіргі таңда елімізде 639 мыңнан астам мүгедек бар екен. Бұл халықтың 3,6 пайызы деген сөз. Оның 29 мыңнан астамы біздің өңірде тұрады, яғни облыс халқының 3,8 пайызын құрап отыр. Байқасаңыз, республика бойынша орташа көрсеткіштен 0,2 пайыз асып тұр. Тағдырдың тәлкегіне түскен жарымжан жандар үшін облыста «келергісіз орта» қалай қалыптасқан? Олардың өзгелер секілді өмір сүрулеріне қандай қолайлы жағдай жасалған?

Айталық, аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, 2014 жылы республикада бірінші болып мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2014-2015 жылдарға арналған арнайы Жол картасы бекітілген. Онда жоспарланған шаралар түгелдей дерлік орындалған. Енді 2016-2017 жылдарға арналған Жол картасының жобасы әзірленді. Мұнда мүгедектерге барлық сала бойынша қолдау көрсетілетін іс-шаралар

мүгедектердің әлеуметтік нысандарға қолжетімділігін зерделеген. Нәтижесінде, 1185 нысан бейімдеуге жатқызылса, оның 534-і немесе 45 пайызы ғана бейімделген. Жасыратын несі бар, кейбір нысандарда жүргізілген жұмыстардың сапасы сын көтермейді. Онда мүгедектер түгілі сау адамның жүріп-тұруы қиын. Мысалға, жылытр кафельмен қапталған пандус мүгедек арбасының жүруіне ыңғайсыз, тайып кете береді. Тіпті, талай адам соның үстінен жүрем деп құлап, жарақат алған.

Жұмысшы топтың ескертуінен кейін біршама нысандар ретке келтіріліпті. Атап айтқанда, облыстық денсаулық сақтау басқармасы орналасқан «Денсаулық үйінің» ғимаратына мүгедектердің еркін кіріп-шығуы үшін арнайы тұтқалары бар пандус салынды. Қызылорда облысының статистика департаментінің ғимаратында мүгедектерге қызмет көрсететін орын қарастырылған.

май, әлекке түседі. Айта кеткен жөн, бұл ауданда бейімдеуге жатқызылған нысандардың 80 пайызы мүгедектерге қолжетімді. Ал Қазалыда бұл көрсеткіш бар болғаны 30 пайыз, Жалағашта – 88,4 пайыз, Сырдарияда – 88,7 пайыз, Шиелде – 82,8 пайыз, Жанақорғанда – 92,2 пайыз. Қызылорда қаласына келсек, 416 нысанның 125-і бейімделген (30 пайыз). Демек, облыс орталығында мүгедектерге қолайлы орта қалыптастыру жұмыстары баяу. Тосқауыл көп. Сондықтан, қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі жандар үшін табалдырыстан асқан биік тау жоқ сияқты.

Сонғы жылдары өңірімізде тұрғын үйлермен қатар, жаңа әлеуметтік нысандар көптеп бой көтеруде. Салынып жатқан жеке ғимараттар да баршылық. Алайда, мүгедектерге қолжетімділігіне тиісті көңіл бөлінбеген. Себебі неде? Бұл құрылыс нысандарын салу немесе құрдеп жөндеу кезінде пандустарды орнатуға

КЕДЕРГІСІЗ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДА

қамтылған. Жол картасын іске асыруға биылғы жылға 3,6 млрд теңге, 2017 жылға 3,2 млрд теңге көзделуде.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы М.Делмұхановтың айтуынша, облыста мүгедектігі бар адамдарды оңалту, олардың денсаулығын жақсартуға ерекше мән беріледі. Өткен жылы мүгедектердің медициналық және әлеуметтік оңалту бағдарламасы 99 пайызға орындалды, ал республикалық көрсеткіш 61 пайыз болды. Бұл үшін облыстық бюджеттен 2014 жылғы 238 млн теңге бөлінсе, биыл 326 млн теңге қаралып отыр, яғни қаржы 88 млн теңгеге артып отыр.

Кемтар жандар үшін «келергісіз орта» қалыптастыру жайына келсек, жасалып жатқан жұмыста, оқиықтайтар секілді Атапайғасқ бірер жыл бұрын халық көп жиналатын әлеуметтік саланың бас ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Сонымен бірге, мұнда Қазақстандағы БҰҰ-ның гранттық жобасы аясында бейімдеу құралдары және көзі нашар көретіндер үшін навигация жүйелері орнатылды, мүгедектердің ғимаратқа еркін кіруіне жағдай жасалды. Қалып тұрғаны тек лифт қондырғысы еді, бұл да пешімін тапты. Осы мақсатта сәуір айында облыстық бюджеттен 25,6 млн теңге бөлінді. Көп ұзамай ғимаратқа лифт орнатылса, мүмкіндігі шектеулі жандар жоғарғы қабатқа қиындықсыз шығып, тиісті құжаттарын реттейтін болар.

Осындай бейімдеу жұмыстары аймақтағы барлық салаларда, оның ішінде мүгедектер көп баратын орындарда жүргізілуі қажет.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бастамасымен арнайы жұмысшы топ сәуір айында аудандар мен Қызылорда қаласындағы



Десек те, мүгедектердің мұның көптеген мекемелер ескермей отыр. Денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау салалары нысандарының 50 пайыздан астамы мүгедектердің жүріп-тұруына бейімделген болса, дене шынықтыру және спорт, транспорттық қызмет көрсету салаларында бейімдеу жұмыстары 30 пайыздан төмен. Білім беру және мәдениет салалары бойынша да жағдай мөз емес.

Ал аудандардың ішінде ең төменгі көрсеткіш Аралда болып отыр. Мұнда бейімдеуге жатқызылған нысандардың 18 пайызында ғана тиісті жұмыстар жүргізілген. Аудандығы мүгедек жандар бас сұқпасын дегені ме, әлілет, мемлекеттік кірістер басқармалары, «Қазкоммерцбанк» АҚ ғимараттарында пандус мүлдем орнатылмаған. Құзырлы мекеме оларға ескерту жасағанымен, нәтиже шығарар емес. Қармашыда халық, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар жиі келетін «Қазателеком», «Нұр Отан» партиясы филиалы, аудандық аурухана ғимараттарына пандустар орнатылған, бірақ олар талапқа сай келмейді. Тым ыңғайсыз етіп жасалған. Оған мүгедек түгіл сау адамның өзі көтеріле ал-

және басқа да қолайлы жағдай жасауға қаражат қарастырылмағанынан болып отыр. Мәселен, өткен жылы Абай даңғылы мен Әйтеке би көшесінде жауу жүргізушілер жүретін асфальт көпірлер салынып, пайдалануға берілді, бірақ инвалидтер қондырылмаған. Енді мүгедектерге арналған көтергіштер орнатуға 9 миллион теңгеден астам қаржы қажет екен. Бұдан былай мұндай жағдай қайталанбауы керек. Сондықтан, облыс әкімдігі алдағы уақытта халықтың мүмкіндігі шектеулі топтары үшін қолайлы жағдай жасауды ұмыт қалдырған жаңа құрылыс жобаларының бюджеттік өтінімдерін қараусыз кері қайтармақ. Ал мүгедектерге бейімделмеген ғимараттарды кезең-кезеңімен ретке келтіруді жоспарлап отыр.

Түіндей келе айтармыз, мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлген абзал. Елбасы айтқандай, олар үшін Қазақстан келергісіз аймаққа айналуға тиіс. Ондай алаңдарға қамқорлық көрсету – он екі мүшесі сау әрбір адамның парызы, мемлекеттік биліктің міндеті.

Д.СЕЙІТЖАНҰЛЫ.

ОРТАЛЫҚ МҮГЕДЕКТЕРДІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДА

Қызылорда қаласында «Даму-Көмек» бағдарламасы аясында 5 мүгедек жаңа демеушілік көмек көрсетілді.

Жас кәсіпкер Рүстем Адинаев ашқан оқу орталығында негізінен мүмкіндігі шектеулі азаматтарды ұялы телефондарды жөндеуге машықтандырады. Орталықтың алғашқы 5 оқушысы арналып «Даму-Көмек» бағдарламасы аясында жиһаздар жасалынды. Орталыққа «Ай-Дил» компаниясының директоры, жеке кәсіпкер Жанар Найзабекова қолдау көрсетті.

Кәсіпкер Рүстем Адинаев бала кезінен электронды құрылғыларға қызығушылығы басым болатын. 2004 жылы ол сауда орталығынан шағын павильон жандап, сол жерде шеберхана ашты. Аталған салада біраз тәжірибе жинақтаған Рүстем мүгедектігі бар азаматтарды ұялы телефонды жөндеуге тегін үйретуді қолға алды.

Жеке кәсіпкердің айтуынша, ұялы телефондар жөндеу саласында бизнес ашу өте тиімді болып табылады. Себебі, қазіргі таңда кез келген адамның өмірін смартфон мен планшеттерсіз елестету қиын. Күнделікті пайдаланылатын зат болғандықтан, олардың жиі бұзылып жататыны баршаға аян. Сондықтан гаджеттерді жөндейтін сервистік орталықтардың жұмысына сұраныс



әрқашан жоғары.

– Менің ойымша, ұялы телефондар жөндеу саласында бизнесті ұйымдастыру мүмкіндігі шектеулі азаматтарға аса қолайлы кәсіп. Аталған қызмет түріне әрдайым сұраныс бар және бастысы үлкен қаржы салымдарын талап етпейді. Жаксы икем мен біршама құрал-саймандар болса, кез келген азамат осы бизнесті жүргізе алады. Міне, сондықтан да мен мүгедектерге арналған оқу орталығын ашуды ойлап, шәкіртім Ерболат Ұзақпен бірге мүмкіндігі шектеулі азаматтарды ұялы телефонды жөндеуге тегін оқытудамыз. Бізге оқудан өтуге келетін азаматтарды мүгедектерге арналған облыстық сауықтыру орталығы жолдайды және олар аптасына үш рет бізге инвотаксимен келуде, – дейді Рүстем Адинаев.

– Мен өз тарапымнан кәсіпкер Жанар Найзабековаға және «Даму» қорына көмек көрсеткендері үшін алғысымды білдіремін. Бізге оқу орталығын ұйымдастыру оңай болған жоқ. Жұмыс орнын жиһазбен және барлық қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету қажет болды. Сондықтан мен «Даму» қорына көмек көрсетуге өтініш жазып, қолдауға ие болдым, – дейді кәсіпкер.

Өзінің ең икемді оқушыларын жеке кәсіпкер Рүстем Адинаев шеберханасына шақырып, тұрақты жұмыспен қамтуға тырысады. Оқу орталығында белсенділігімен көзге түскен шәкірті Бауыржан Таиров бірінші топ мүгедегі. Қазіргі таңда ол Рүстемнің сервистік орталығында шебер болып жұмыс жасайды. Рүстемнің айтуынша, Бауыржан мүгедектік арбасына таңылғанына қарамастан, бірде-бір сабағын жібермей, техника жөндеуді тез меңгеріп алған. Сондықтан кәсіпкер оны қуана жұмысқа қабылдаған.

– Шебер жұмысын отырып атқарады және бұл мүгедек арбасындағы адамға өте қолайлы. Алайда оның жұмысқа жетуінде және ғимараттарға кіруі кезінде қиындықтар туындап жатады, – дейді Рүстем.

Кәсіпкер алдағы уақытта тағы да мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы 4 жаңа жұмыс орнын ашуды қолға алмақ ниетте.

К.ҚАЙРАҚБАЕВ.

● ЖИЫН

Бүгінгі таңда қоғамда түрлі оқиғалардың кездесіп қалып жатқаны ешкімге құпия емес. Соған орай ел тынышлығын сақтауға атсалысу кімкінің де перзенттігі парызы десек, артық емес. Арал аудандық мәдениет үйінде өткізілген тағылымды жиыны осы бағытты қамтыды.

ЖАТ АҒЫМҒА ЖАҚЫНДАМА

Мемлекеттік - әлеуметтік тапсырыс бойынша аудандық ішкі саясат бөлімінің ұйымдастыруымен өткен семинар жоғары деңгейде мәреге жетті. «Зайырлылық және жоғары руханият – дәстүрлі таным негізі» деген атауының өзі көп сырдың асын ашатын семинардың мақсаты дәстүрлі емес діндердің алдын алу, қорғану жолдарын нұсқау, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыруды көздеген еді.

Арал ауданы әкімінің орынбасары Жұмағұл Әлішева модераторы болған алқалы жиынға мемлекеттік орган қызметкерлері, «Дінтану негіздері» пөнінің мұғалімдері, мешіт имамдары, тұрғындар мен БАҚ өкілдері қатысты.

Аса тартымды өрбіген кездесуде жоғарыдағы тақырыпта дінтану ғылымдарының магистрі, республикалық ақпараттық түсіндіру тобының мүшесі Т.Әбуов, «Қазақстан тарихындағы ислам дінінің таралу үрдістері және даму кезеңдері» туралы облыстық ішкі саясат басқармасының дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог маманы Б.Убаев, «Жат ағымдардың қоғамға, адамзатқа зияны және одан қорғану, алдын алу жолдары» жайлы Арал аудандық орталық мешітінің бас имамы Сызбек Евлиханұлы баяндама жасады.

Баршаны толандыратын мәселелерді қамтыған тақырып аясында тұщымды ұсыныс - пікірлер ортаға салынды. Семинар барысында қатысушыларға сертификаттар тапсырылды.

Дәстүрлі емес діни ағымдардың алдын алу, тұрғындардың діни сауаттылығын арттыруды көздеген «Шегін көзқарас – дінге жат» деп аталатын кездесу жиыны Қамыстыбас және Аманоткел ауылдарында да болып өтті. Аудандық ішкі саясат бөлімінің бас маманы А.Мерекбаев модераторы болған семинарға тұрғындар, қызметкерлер, жастар өкілдері қатысып, өз пікірлерін білдірді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Арал ауданы.

● ТӨЛ МЕРЕКЕ ТЫНЫСЫ

ҚОҒАМ ЖӘНЕ ҚАЛАМ

Сейсенбі күні Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «28 маусым – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні» мерекесіне орай өткізілген «Ұшқыр қалам-2016» фестивалі аясында шығармашылық қауым өкілдерін қабылдап, төл мерекелерімен құттықтады.



Мерекелік қабылдауға республикалық және жергілікті БАҚ өкілдері қатысты. Шара барысында мерекелік кездесудің тартуы ретінде еңбегімен ерекшеленіп жүрген бірқатар қаламгерлер арнайы номинация иесі атанса, облыстық “Сыр бойы” газетінің арнаулы аға тілшісі Бақтыбай Бердібаев, «Час Пик» газетінің бас редакторы Инна Беке-ева, «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының бас инженері Бақытжан Шөкенов қала әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Кездесуде қала әкімі Нұрлыбек Машбекұлы: «Дана халқымызда «Сын түзелмей, мін түзелмейді»

деген қанатты сөз бар. Қоғамдағы келеңсіздіктер мен кемшіліктер, теріс көзқарастар мен пікірлер қай кезеңде де болары анық.

Бастысы – сол сындын шығу тегі мен оны шешу тетігін таба білу. Бұл үлкен парасаттылық пен пайымды қажет ететін дүние.

Қазіргідей қарыштап дамыған ғаламдық ақпарат кеңістігінде арзан ақпаратты желеу еткен сенсация емес, керісінше халықтың көкейтесті мәселесін жеткізу, сол арқылы байыбына барып бағасын беру, ең негізгісі – елдің бірлігі мен берекесін сақтап, халық пен биліктің бағытын бір арна-

Б.СМАЙЫЛУЛЫ.
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ.

«Нұр Отан» партиясы Қызылорда облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ибадулла Құттықожаев Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында өңірдегі бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, тілшілер қауымын кәсіби мерекелерімен құттықтады.

Жүздеуе барысында И.Құттықожаев тілші қызметінің қоғамдағы маңызы өте жоғары екенін жеткізіп, партиялық жобалардың өңірдегі жүзеге асырылуы бұқаралық ақпарат құралдарында белсенді түрде насихатталып отырғанын және халықтың көкейкесті

Кеше Қызылорда облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Ғалымбек Жақсылыков салтанатты жағдайда қалам және микрофон ұстаған әріптестерімізді кәсіби мерекесімен құттықтап, сый-құрмет көрсетті. – Бүгінде кәсіпкерлер палатасы өз жұмысын жыл емес, ай сайын жандандырып, ел экономикасын өрге сүйреуде айрықша белсенділік танытып отыр деп сепеттеймін. Осы істің басы-қасында құрылған сөттен бастап өздеріңіз жүріздер.

ӘРІПТЕСІМІЗ ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне орай, Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев бірқатар журналистерді төл мерекесімен құттықтады. Салтанатты шарада Дәурен Абаев желел әрі шынайы ақпарат таратып, елдің дамуына сүбелі үлес қосқан тілшілердің еңбектерін елеп, арнайы төсбелгілер тақтты.

Айта кетейік, салтанатты шарада облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары Мұрат Жетпісбаев Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Мерекелік басқосуда Ақпарат және коммуникация министрі келешекте журналистердің мәртебесі артып, аймақтық баспасөзді дамытуға басымдық берілетінін айтты.

Кенжетай БАЛҒАБАЙҰЛЫ.



кенес қолдап, нәтижесінде «Қызылорда» Өңірлік инвестициялық орталығы арқылы жақында 2 млн 125 мың теңге тұратын жобамыз қаржыландырылды. Біздің жобамыз маусымдық болады. Жылына 3 рет 1 тоннаға дейін өнім жинаймыз деген жоспарымыз бар. Алып отырған несиеміз біз үшін барлық жағынан да тиімді. 7 пайызбен 5 жылға дейін өтеуге мүмкіндігіміз бар. Ең бастысы, алғашқы қайтарым 6 айдан кейін басталады. Шағын, отбасылық кәсіппен айналысуға мүмкіндік берген Ұлттық кәсіпкерлер палатасына алғысым шексіз, – деді Саиднасым Сұлтан.

Айта кетейік, ағымдағы жылы «Атамекен» ҰКП және облыс әкімдігі бірлесе отырып, «Қызылорда шағын бизнесі» жобасы аясында ауылдық жерлердегі кәсіпкерлікті дамытуға 660 миллион теңге қаржы бөлен болатын.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

● “МИКРОБИЗНЕС – ҚЫЗЫЛОРДА” ЖОБАСЫ

БАЛ ӨСІРГЕН БАРМАҒЫН ЖАЛАЙДЫ

Аймағымыздағы Өңірлік инвестициялық орталық арқылы «Атамекен» ҰКП-дан бөлінген 300 млн теңгенің 48 млн 255 мың теңгесіне 8 жоба қаржыландырылды. Жобаны жүзеге асырушы кәсіпкерлерге ортақ жайт – барлығы да ауылдық елді мекендерлік, яғни «Микробизнес Қызылорда» жобасы ауыл тұрғындарының жобаларын қаржыландыруға бағытталған.

Қаржыландырылған жобалардың бірі – облысымызға қарасты Шиелі ауданының тұрғыны, жас кәсіпкер Саиднасым Сұлтанның бал арасын өсіру шаруашылығына арналған жобасы. Өткен жылы оқу бітірген Саиднасым әкесіне қолғабыс етіп, бал шаруашылығымен айналыса бастады. Істің қыр-сырын үйренгеннен кейін қызығушылығын кәсіпке айналдыруды көздеді. Кәсіпкерлер палатасының Шиелі аудандық филиалы жас кәсіпкерге «Микробизнес-Қызылорда» жобасына қатысуға кеңес беріп, құжаттарын әзірлеуге көмек көрсетті.

– Көңіл қуантатын жайт – қазір елімізде өз ісін бастаймын деген мен сияқты жастарға жан-жақты қолдау көрсетіледі. Оған өзім де куә болып отырмын. Әкем екеуміздің бастамамызды Қамқоршылық





2015 жылы – Аккредиттеудің тәуелсіз агенттігінің нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының 55 жетекші жоғары оқу орнының арасында 9-шы орында



БҚМУ-дағы оқу – бұл:

- әлем бойынша 80-нен астам университетпен халықаралық ынтымақтастық;
- 6 ғылыми консорциум;
- инновациялық және ақпараттық технологиялар;
- түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу;
- бакалавр және магистратурадан Phd докторына дейін өсу мүмкіндігі;
- Еуропа, Оңтүстік-Шығыс Азия және АҚШ университеттерімен білім бағдарламалары бойынша академиялық алмасу;
- ғылыми және оқу тағылымдамалары;
- ғылыми үйірмелер, сайыстар, республикалық және халықаралық олимпиадалар;
- студенттік құрылыс жасағы, «Жасыл ел» еңбек жасағы;
- студенттік театр;
- студенттік заң клиникасы;
- турнирлер, слеттер, дебаттар, КТК.

БҚМУ-дың артықшылығы:

- мемлекеттік ЖОО;
- кадрларды дайындауда 80 жылдан астам тәжірибе;
- жоғары білікті оқытушылар мен түлектер және болашағы жарқын, сұранысқа ие мамандықтар;
- 1000-нан астам компьютерден тұратын қаладағы ірі компьютерлік кешен, лимитсіз интернетке локальдық жүйемен біріктірілген мультимедиялық кластар;
- 1 млн-нан астам кітап сақтау қоры бар ғылыми кітапхана;
- оқу ақысына жеңілдіктер.

БҚМУ – бұл:

- 6 факультет, 8 оқу ғимараты;
- экология және биогеохимия сынақ зертханалары, арнайы жабдықталған оқу бөлмелері;
- оқу телеарналары мен зертханалары;
- сирек кітаптар бөлімі, электрондық оқу залы, магистранттар залы;
- университет мұражайы және әскери-тарихи, археология және этнография филиалдары;
- агробиостанция, ғажал кеппешөп қоры;
- киім тігетін, өшекей бұйымдарын және халық аспаптарын дайындайтын шеберханалар;
- спорт сарайы, спорт залдары;
- **студенттік жатақханалар;**
- **әскери кафедрада оқу мүмкіндігі (грантта оқу (конкурс негізінде), ақылы бөлім).**

23-31 шілде аралығында мемлекеттік білім беру гранттарын тағайындау бойынша конкурста құжаттар қабылданады.

10-25 тамыз аралығында ЖОО-ға қабылдау.

БІЗ СІЗДІ МЫНА МЕКЕНЖАЙ БОЙЫНША КҮТЕМІЗ:

БҚО, Орал қаласы. Достық даңғылы, 162.
Қабылдау комиссиясының телефоны:
8 (7112) 50-44-20

Біздің сайтымыз: www.wksu.kz
БҚМУ талапкерлерінің сайты:
talapker.wksu.kz
https://vk.com/centerdovuzovpod

М.Өтемісов атындағы БҚМУ талапкерлерді педагогикалық мамандықтарға түсуге шақырады.
Әңгімелесуге қатысу үшін М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың қабылдау комиссиясына тек 20 маусым мен 4-шілде аралығында ғана өтініш тапсыруға болады. Әңгімелесу 5-14 шілде аралығында өтеді. УБТ-ға қатыспаған және УБТ-дан 50 балдан төмен жинаған талапкерлер де шақырылады (педагогикалық мамандықтарға база 5-шілдеде жабылады).

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДАҒЫ МҮЛІКТІ ЖАРИЯ ЕТУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Қызылорда облысында мүлкті жария ету жұмыстары жалғасуда.

2016 жылдың 29 маусымдағы жағдайы бойынша Қызылорда облысында мүлкті жария етуге барлығы 1491 өтініш 1765 жылжымайтын мүліктерді жария етуге берілген. Оның ішінде тұрғын емес үй-жайлар бойынша – 998 өтініш, соның ішінде коммерциялық объектілер бойынша – 824 өтініш, тұрғын үй бойынша – 767 өтініш. Келіп түскен өтініштер бойынша мүліктердің жалпы бағасы 13,2 млрд. теңгені құрады. 1269 өтініш бойынша

жалпы құны 12,3 млрд. теңге болатын 1506 объект жария етілген.

Қазіргі таңда, барлық аудандар мен Қызылорда қаласында мүлкті жария ету комиссиялармен заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бойынша облыстағы кәсіпкерлер, ауыл және ауылдық округ тұрғындары үшін түсіндірме жұмыстары (семинарлар, кездесулер) жүргізілуде.

Қызылорда облысының қаржы басқармасы.

2016 жылдың 29 маусымдағы мүлкті жария етуге байланысты есептіліктің қорытындысы

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	520	1
Шиели ауданы	231	2
Қазалы ауданы	221	3
Жаңақорған ауданы	153	4
Қармақшы ауданы	143	5
Жалағаш ауданы	132	6
Арал ауданы	57	7
Сырдария ауданы	34	8

2015 жылды табиғи монополия субъектісінің инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау барысы туралы/ инвестициялық бағдарламаны (жобаны) орындау туралы табиғи монополия субъектісінің ақпараты

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "ҚЫЗЫЛОРДА СУ ЖҮЙЕСІ" Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны. Қызылорда қаласы ауыл сумен қамтамасыз ету және кәріз суларын жету, тарту табиғи монополия субъектісінің атауы, қызмет түрі

Реттелін көрсеткіштің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) жасаушы және нақты ұсыну көлемдерін туралы ақпарат							Найқалар мен залалдар туралы есеп**	Инвестициялық бағдарламаның (жобаның) сомасы			Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) қаржыландырудың нақты шарттары мен мәнінші туралы ақпарат, мың теңге			Инвестициялық бағдарламаны (жобаны) бекітілген көрсеткіштерінің инвестициялық бағдарламалық (жобалық) бағалау бойынша көрсеткіштерінің салыстырмалы түрдегі нақты мәні								Бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаның) қаржы көлемі	Ұсымалатын реттелін көрсеткіштің қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) жасаушы нақты ұсыну көлемдерін туралы ақпарат			
											Өз қарамағы			Амортизация	Пайда	Қарыз қарамағы	Бюджет қарамағы	Бекітілген инвестициялық бағдарламаның (жобаны) қаржы көлемі асырудың бойынша негізгі жаңарту жұмыстарының төмендеуі, %	Ағымдағы жылғы нақты көрсеткіш	Өткен жылғы нақты көрсеткіш	Ағымдағы жылғы нақты көрсеткіш			Өткен жылғы нақты көрсеткіш	Ағымдағы жылғы нақты көрсеткіш	Өткен жылғы нақты көрсеткіш
								жоспар	нақты	ауытқы	Амортизация	Пайда	Қарыз қарамағы													
№ п/п	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26
Водоснабжение																										
ауыл сумен қамту		мың.м3	10936,17	9902,09	2015ж.																					
Арал м/ауылындағы д-150мм ауыл су жүйесінің күрделі жөндеуі		м	415	0	2015ж.			10166,68	0	30.11.2015жылы №832039 заңнамасы жарияланды, 21.07.2007 г. №303-III санды мемлекеттік сатып алу ережесіне сәйкес, аталған жұмыстар 2016 жылға шегерілді			-	-	-	-	0	0	0	0	0	0	0	0		
Ремонтникова/Киселева/ к-ті ауыл су жүйесінің күрделі жөндеуі		м	634	0	2015ж.			14163,64	0	ЕҚДБ сатып алу жобасының күнтізбелік кестесі өзгеруіне байланысты жұмыстар 2016 жылға шегерілді			-	-	-	-	0	0	0	0	0	0	0	0		
Барлығы:								24330,32																		
Қаланың электронды картасын қаланың ауыл су мен кәріз суы ағу жүйелері мен инвентарларын, өрт гидранттарын, ұңғымалар, ашып-жабу ысырмалары, құбырлар, қазандық техникалық міндеттерін енгізе отырып жасау; нысанлардың біртегіс болуын жасау; ауыл сумен қамтамасыз ету және кәріз суы ағу жүйелерін гидравликалық модельдеу;		ел.	1		2015ж.			-201959,6				ЕҚДБ сатып алу жобасының күнтізбелік кестесі өзгеруіне байланысты жұмыстар 2016 жылға шегерілді	-	-	-	-	0	0	0	0	0	0	0	0	0	
Барлығы:									68 000,0	0																
Кәріз суы ағу жүйесі		мың.м3	6439,32	5698,55	2015ж.																					
№ 10 КНС-нан Рысқұлов к-ті КП-ге дейінгі қалыңдығы кәріз су жүйесі д-200мм		м	250	0	2015ж.			4787,84	0	30.11.2015жылы №832039 заңнамасы жарияланды, 21.07.2007 г. №303-III санды мемлекеттік сатып алу ережесіне сәйкес, аталған жұмыстар 2016 жылға шегерілді			-	-	-	-	0	0	0	0	0	0	0	0		
Барлығы:									4787,84																	
ЖА.ШЫ:									97 118,16																	

АЙМАҚ ДЕМОГРАФИЯСЫ: ТАБИҒИ ӨСІМ ТҰРАҚТЫ



Халқымыздың демографиялық өсімі мемлекеттіліктің нығайтып, тұрақталуына тікелей әсер ететін болғандықтан, әр отбасының көп балалы атануы, халық санының өсіміне үлес қосып кутталды. Соңғы 20 жылда еліміздегі халық санында оң өзгерістер болды. Оған әсер еткен факторлар – тууды ынталандыру, өлім-жітімді төмендету, миграциялық тасқынның реттелуі екені белгілі.

Демографияны алға сүйреуші күш – табиғи өсім. Былтыр статистика саласының мамандары алдағы жылдары елімізде туу көрсеткіштері төмендей бастайтынын айтқан болатын. Алысқа бармай-ақ, өз өңіріміздегі деректерді сараптасақ, 2015 жылы АХАТ органдарына 19664 туу тіркелді, бұл 2014 жылға қарағанда 3,3 пайызға азайған. Осы кезең ішінде 10207 ұл, 9457 қыз дүниеге келді немесе 100 қызға 108 ұлдан келеді. 2014 жылмен салыстырғанда ұлдар 2,3 пайызға, ал қыздар 4,6 пайызға аз туған. Себебін іздесек, 90-жылдардағы демографиялық дағдарыс кезінде дүниеге келген балалар

репродуктивті, яғни ұрпақ өрбіту жасына жетті. Әрі-сәрі кезеңде дүниеге келген буын өздері аз болғандықтан олардан тарайтын бала саны да соған сай болып отыр. Әрине, жастардың отбасылық құрылымдарға жете мей бермеуі де демографияға кері әсер ететінін жоққа шығаруға болмайды.

Демографтар да халық санының көбеюі табиғи өсімге байланысты екенін айтады. Бала санын көбейту үшін ата-аналар «Алтын алқа», «Күміс алқа», бір жасқа дейінгі, 4 және одан да көп балаға төленетін жәрдемақымен ынталандырылып отыр. Қазақтың тұңғыш демограф-ғалымы Мақаш Тәтімов осыдан бірнеше жыл бұрын «бір отбасыдағы екі балалық деңгейден енді ғана көтеріліп келе жатырмыз. Үш балалық деңгейге жетпесек те, соған жакынбыз. Қалалық жерде төртінші бала болса, ауылдық жерде бесінші бала болса, міне сол жасқа деңгей болар еді» деген талдауын жариялаған еді. Расымен, соңғы жылдары жас отбасылар кем дегенде 4 балалы болуды мақсат тұтатын тенденция қалыптасты. Бұл халық санының

өсіміне әсер етті. 2016 жылдың алғашқы жартысында халық саны 765,2 мың адамды құрады, соның ішінде қала халқы – 333,8 мың, ауыл халқы – 431,4 мың адам. 2015 жылдың басымен салыстырғанда жалпы облыс бойынша халық саны 12,1 мың адамға немесе 1,6 пайызға көбейді. Әйелдердің саны 382,7 мың, ерлер саны 382,5 мың адамды құрады. 2000 жылдан бері өңір тұрғындарының орташа өмір сүру ұзақтығы үздіксіз артып келеді.

Былтыр облыста қайтыс болғандар саны 4362 адамды құрады. Өлімнің негізгі себептері арасында ең үлкен үлес салмақ бұрынғыдай қан айналымы жүйесі ауруларына тиіспілі. Облыста 1 жасқа дейінгі 210 нәресте өлімі тіркелді, оның 118-і ұл және 92-сі қыз.

Өткен жылы АХАТ органдарында тіркеліп, некеге тұрғандар саны 11,2 пайыз төмендеген. Тіркелген ажырасулар саны 8,3 пайыз көбейген. Ажырасудың негізгі себептері мінездерінің сәйкес келмеуімен, материалдық жағдайының шалдамдылық таңыта алмаумен байланысты болып отыр.

Өткен жылы 2014 жылмен салыстырғанда облыста келгендер саны 17 пайызға көбейген, ал облыстан кеткендер саны 19 пайызға көбейді. Ел ішіндегі қоныс аударатын көпшілігіне қарағанда 22,6 пайызға өскен. Облыс ішінде қоныс аудару бойынша халық көші-қонының оң айырымы Қызылорда қаласында (3213 адам) орын алды.

«Сыр бойының халқы алдағы 7-10 жылда 1 миллионнан асып жығылады» деген болжам бар. Өйткені өсім тұрақты. Осы қарсын сақтаса, айтылған болжамның нақты дерекке айналатын күні алыс емес.

М.МЕРЕЙ.

●РУХАНИЯТ

ӨЛЕҢМЕН ӨРЛІГЕН ӨМІР

Халқымыз қашанда сөз өнерін жоғары бағалайды. Бір ауыз сөзге тоқтап, бір ауыз сөзден көңілі қалатын мінезі тағы бар. Ал өз өміріне сырлы сөзді серік еткен ақындардың жаратылысы өзгерлерден ерек екені анық. Сондай жанын бірі Сырдың сыршыл ақын қызы, журналист Қаршыға Есімсейітованың шығармашылығына арналған әсерлі кездесу орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде өтті.

Кітапхана төріне ақынның өлеңдер жинағы, кітаптары қойылып, оқырмандарға көрме ұйымдастырылды. Кеш барысында жазушы, журналист

Несібелі Рахмет, сатирик ақын Қазина Өзденбаева сөз алып, әріптестерінің ел мен жерге деген сүйіспеншілігі, оның телевизия саласына қосқан үлесі, тынымсыз еңбекқорлығы, жалпы өнегелі өмірі жайында келелі әңгіме өрбітті. Сонымен бірге Қаршыға Есімсейітованың түсірген телефильмдері де әңгіме арқауына айналды. Оның Жалаңтөс баһадүр, Әйтеке би, Сейітқұл әулие туралы жасаған құнды дүниелері ел тарихының зерттелуіне қосқан зор үлесі екені рас.

Әсерлі кездесу соны әсем ән мен жырға ұласты.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.



КЕҢЕСТІК

КАЗВТОРЧЕРМЕТ

СОВЕТСКИЙ

Сынықтарды Более

33 000

күннен астам уақыт қолданымсыз

дней принимаем лом

ТАРАЗЫМЫЗ ДӘЛ

ТОЧНЫЕ ВЕСЫ

ҚАТТЫ ЫСТЫҚ БОЛАДЫ

30 маусымда Қызылорда облысының кей жерлерінде 40 градус аптап ыстық болады деп күтілуде. Осыған байланысты «Қазидромет» РМҚ облыстық филиалы тұрғындарға абай болуды ескертті.

Менің несі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

☎ қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӨБДІРАМАН

☎ қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

әлеумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

өлең-жыр - 70-00-39, 70-00-58

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұматәлі Өбдіраман - 8724 38 2-34-07

Шиели, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

"Сыр бойы" облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009

"Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.

Авторларға қаламдары тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделуі және қайтарылмайды.

Журналистердің құқықтары қорғалмайды.

Көздерінен білдірмейді. "Ақ" затылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатылып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы.

Байырбас Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына "Қазқолта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция меншік жалауы

Қызылорда қаласы, Байырбас Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 25256

Тапсырыс №733